

**Жұмамұрат Шәмші**

# **ӨНЕР АЛДЫ – ҚЫЗЫЛ ТІЛ**



---

---

ЖҰМАМҰРАТ ШӘМШІ

---

---

# ӨНЕР АЛДЫ – КЫЗЫЛ ТІЛ ҚЫЗЫЛ ТІЛ

---

---

Астана 2008

---

---



### **Шәмші Жұмамұрат Кеңесұлы**

Бүгінгі таңда жаһандану етек алып, өркениет, техникалық прогресс едәуір алға озған сайын адамзаттың рухани байлығы, біртекті тобырға айналу қаупі төніп тұр. Сол рухсыздану қаупінен сақтанғанымыз жөн. Болмаса болашақ бұлыңғыр.

**АВТОР.**

## **Пайдаланған әдебиет**

1. «Алтын орда», Т. Жұмаханов, Б. Жұматаев, Алматы, «Аруна» баспасы
2. Көшпенділер, І.Есенберлин, 1992 ж., Алматы
3. «Аз и Я» О.Сүлейменов, 1976 ж.
4. «Желтоқсан эпопеясы», М.Шаханов, 2006 ж., Алматы
5. Мудрость тысячелетие, энциклопедия, В.Балязин, Москва, 2007 г.
6. Шыңғыс хан әлем сілкіндірушісі, І.Есенберлин, 2002 ж., Алматы
7. Бес ғасыр жырлайды, М.Байділдаев, М.Мағауин, 1989 ж., Алматы
8. Көне түріктер, Лев Гумилев, 1994 ж., Алматы
9. Қызыл қырғын, 37-де опат болғандар, Қ.Қасенов, Ә.Төреханов, 1994 ж., Алматы
10. Тіл және тәуелсіздік, Ә.Кекілбаев, Егемен Қазақстан, №8, 9, 11, 12, 08.2006 ж.,
11. Күйеу келтір қыз ұзат, тойынды қыл, Б.Әлімқұлов, Е.Әбдірахманов, 1994 ж. Алматы, «Санат»
12. Билер сөзі ақылдың көзі, Н.Төреқұл, 1996 ж., Алматы
13. «Азия Берингия Америка», А.Ахметов, 2006 ж., Алматы
14. Конфуций «Жизнь замечательных людей», В.Малявин, 1992 г., «Молодая гвардия», Москва
15. Парасат журналы, №6, 1992 жыл Б.Аспандияров, Қалижан Ысқақ

**ББК 81.2 Қаз.  
Ш 34**

Шәмші Ж. К. Өнер алды – қызыл тіл. – Астана, 2008 – 390 б.

**ISBN 9965-849-13-7**

### **Пікір білдірушілер**

*Әлемдік Шыңғыс хан Академиясының академигі,  
филология ғылымдарының докторы,  
түрколог-ғалым*

*Қаржаубай Сартқожаұлы*

*Тарих ғылымдарының докторы,  
профессор*

*Хангелді Әбжанов*

*Филология ғылымдарының докторы,  
профессор*

*Ақселеу Сейдімбек*

**ISBN 9965-849-13-7**

© Шәмші Ж.К., 2008

Отпечатано в ТОО «Жарқын Ко».  
Заказ №3949, тираж 500 экз.

Әкем Кеңес, шешем Қамарияның рухына  
бағыштаймын және Астананың 10 жылдық  
мерейтойына арнаймын.

**Автор.**

## **АЛҒЫ СӨЗ**

Ел егемендігін алып, алты Алаштың елордасы атанған Астананың 10-жылдық мерейтойына шашу ретінде, өзінің «Өнер алды – қызыл тіл» атты кітабын Шәмші Жұмамұрат Кеңесұлы ініміздің шығаруы болашаққа сенім, келешекке ынта ұялатады. Тәуелсіздіктің байрағын көтерген осынау бір өтпелі кезеңде, базар бағасы бүйірден қысқан аумалы-төкпелі заманға тұспа-тұс келіп жатса да, халқымыздың ұлттық ерекшелігін, өмір сәттерінің сыр-сыйпатын көрсету мақтасында қалдырған рухани мұра.

Ғасырлар бойы қалыптасқан інжу-маржан дәстүрлеріміздің біразын жоғалтып алсақ та, енді біразын көмескілендіріп алдық. Ел мен жерге махаббат, ұлттық салт-дәстүрлерімізді қастерлеу, тіл мен дінді, табиғи болмысымызды таза сақталуы хақында толғаған үздік туындыларды бір жинаққа іріктеу кімге де болсын оңайға соқпас. Себебі, ол кез келген ұлт пен мемлекеттің өмір сүру кепілі болып табылады. Өнер мен өмірдің бір-біріне ыстық ықыласы жарық дүниеде адамзат барда ешбір суымайды. Сондықтан да осынау кітап ата-бабамыздың тарихи шынтуайын, салт-санамыздың жөн-жобасын, жол-жоралғысын жинақтап, өздеріңізге ұсынады, қадірменді әлеумет! Қабыл алыңыз.

**Мемлекеттік тіл қозғалысының төрағасы**

**Мұхтар Шаханов.**

## **КІРІСПЕ**

Ғасырлар бойы атам қазақ өзінің жерін көзінің қарашығындай сақтап, тілін, дінін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Бүгінгі ұрпақтың көшедегі, үйдегі мінез-қылығына қарап тұрып, не сана-сезімі кемдеу, не әлі жан-жағын танып-біле қоймаған жас сәби көзіңнің алдына елестейді. Біле білген адамның күлкісі де, жылағысы да келеді.

Кешегі 70 жылдық қылышынан қаны тамған қызыл империяның атеизмі үстемдік құрған тұста қазақ халқының тілі, мәдениеті жетімсіреп, өгей баланың күнін кешкені баршаға аян. Кеңес одағы ыдырап, қазақ елі өз алдына отау тігіп, тәуелсіз мемлекет болғанына да арадан 17 жыл уақыт өтіпті.

Көзін ашқаннан атеистік тәрбие алып өскен әлденеше ұрпақ адал мен харамды, обал мен сауапты, пендешілік пен тақуалықтың аражігін айыра алмай өсіп бүгінгі күнге де жетті. «Жастар біздің болашағымыз» деп жатамыз. Бірақ олардың мінез-қылығы, іс-әрекеті қазақ деген халыққа тән емес болғандықтан, жастар болашақ болуы мүмкін бе? «Құс ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». «Не ексең, соны орасың» деген нақыл сөздер бекер айтылмаған.

Халқымыздың ерте заманнан келе жетқан рухани қазынасы - ана тілінде сөйлеу мәдениетіне әрбір ата-ана айрықша мән беріп ұлттық идеологияны бекем ұстағанда, жағдайымыз қазіргідей мүшкіл болмас еді. Тіл қадірін біліп өсу үшін мұндай талап отбасынан басталып, мектепте, одан жоғары оқу орындарында жалғасын тауып қазақ жастары ана тілінің бай қазынасынан сусындаса ғана біз, қазақтар, дүниежүзіндегі дамыған елдермен тереземіз тең бола алады!

**01.03.2008 ж Шәмші. Ж. К.**

## **ТАРИХЫМЫЗҒА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС**

Қазақ тарих ғылымы да, өзге ғылымдардай, үстіміздегі ғасырда тың бағытта зерттеулер жүргізу арқылы жаңа серпіліске ие болды. Оның басты себебі еліміздің тәуелсіз ел болып, өз бағыт бағдарымызды анықтағанымызда. Халқымыздың ертеңі үшін жаңаша ізденістерге жол ашылып, қоғамда орын алған терең демократиялық бетбұрыстардың мол болуында.

Отарланған ұлттар тарихын әдейі бұрмалай жазу, өздерінің ұлы державиялық ұстанымдарымен өлшенген тарихты олардың санасына сіңіру барлық империялық пиғылдағы елдерге тән. Осындай кеудемсоқтықтың барлығына алғашқы тойтарыс желтоқсан көтерілісімен тұспа-тұс келді. Қазақ халқы- әу бастан ондаған тайпа-рулардан құралғанымен, тілі, діні, рухани тұрмыстық байлықтары жағынан біртұтас халық.

Неше бір қиын-қыстау кезеңдерде де, атап айтқанда, талай-талай аумалы-төкпелі сапырылыстарда, моңғол шапқыншылығы, орыс отарлауы, қалмақ-жонғар қысымшылығы немесе оңтүстіктегі қоқан хандығының боданына түскен кезеңде де Еділ мен Алтай аралығын мекендеген ұлт пен ұлыстар ешқашан қазақтығын жоғалтқан жоқ.

Қазақ халқы Ұлы, Орта, Кіші жүз болып географиялық-территориялық жағынан бөлінгенімен, көршілес империялар осыны пайдаланып, оларды бір-біріне қарама-қарсы қоюды сан мәрте жоспарлағанымен, қазақ жүздерінің өзі бірнеше рудан құралғанымен, олар **Алаш, Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс, Үйсін, Қаңлы, Арғын, Қыпшақ, Алшын, Найман, Қоңырат, Керей, т.б.** Ондай атау-есімдерді, біріншіден – Адаматадан Қазаққа дейінгі аралық, екіншіден Қазақтан үш жүздік аталарға дейінгі аралық, үшіншіден үш жүздік аталар-

дан нақтылы аталарға дейінгі аралық, қандастарымыз ешқашан өз бірлігін ұмытқан емес. Керісінше, қай-қай кезеңде де, қиыншылықтарды бірлікпен жеңіп отырды.

**Бабалар аманаты – бірлік еді.** Бірлік елім деген тарланыңды талауға бермеуден танылады. Бірлігі мықты, санасы сергек елді сырттан келер сергелдең жоқ. Сол себепті, біз қазақ үшін сананы серпу үшін бірлікті ту, татулықты тұғыр ету тура жол. Әрине, рухы күшті, болашаққа сенімі кәміл халық қана қандай қиындыққа да шыдас бере алады.

Мүмкін бұл арада атадан балаға жеткен түрлі аңыз-әңгімелердегі қазақ ханының өзінің 30 ұлына бір-бір садақ беріп, алдымен бөлек-бөлек, жеке-жеке сындыртып, кейін әлгі 40 жебені бірге қосып, оны сындыра алмауы болашаққа қалдырған үндеуі болса керек. Кезінде мұны естіген орыс патшайымы II Екатерина да оған үлкен таңданыс білдірген. Тарих ғылымының басты мақсат-міндеті оның танымдық, тәрбиелік функциясынан да туындайды. Өскелең ұрпақтың елінің жүріп өткен жолынан лайықты дәріс алып, онымен рухтанып, өз Отанын сүйге тәрбиелеушісі де – тарих екендігін ешқашан ұмытпауымыз қажет.

Олай болса, Қазақстан тарихын оқу орындарында оқыту деңгейін көтеру кезек күттірмейтін мәселе. Қазақстан тарихы пәнінің беделін көтеру, оны барлық қазақстандықтардың өз тарихы ретінде сүйсіне оқуы – тәуелсіз еліміздің болашағы. Төл тарихымызды білмейтін адамнан ешқашан ел патриоты шықпайды. **Ежелгі грек жерінде пайда болған патриот сөзі patriots-жерлес, отандас, дүниежүзілік қауымдастық даму тарихына және мемлекеттердегі саяси жағдайларға байланысты сан алуан сипат пен мағынаға ие болып отырған.** Көне Афина азаматтарына эллан тілінде сөйлей алмайтындармен некеге тұруға заң жүзінде тыйым салынған.

Бұл заң талабын орындау грек патриотизмі ретінде қабылданған және мемлекеттік дәрежеде насихатталып, бұлжытпай орындалған. Біз жеті қат жер астында қалған тарихымызды – Үш ғасыр жырлайды, Бес ғасыр жырлайды, Жеті ғасыр жырлайды атты поэзиялардан іздеп таптық. Ол құдірет күш қаламмен жазылып, қағазға түспей-ақ, қазақ жыршы-жырауларының жадында сақталған. Содан аман-сау жетіп, Тәуелсіздігіміздің төріне енді. Терең зерттеліп, шыннайы қорытылмаған, бұған қосымша идеологиялық конъюнктура, саяси мүдделер ықпалымен жазылған тарих халықты, қоғамды адастырады.

Кеңестік кезеңде өмірге келген отандық тарих ғылымында осы кемшіліктердің бәрі де болды. Басқаша болуы мүмкін емес-тін. Өйткені, кеңестік билік жағдайында академиялық тарих ғылымы қатаң идеологиялық және цензуралық бақылауда болған ғылыми қызмет саласы.

Тарихшылардың еңбегі партиялық аппарат жетегіне берілді. 1937-1938 және 1951-1954 жылдардағы саяси репрессиялық шаралар тұсында ең талантты деген зерттеушілер атылып кетті, ал тірі қалғандардың сағы сынды. Осындай жағдайда ұлттық тарихнамаға әйтеуір бір келмей қоймайтын оңтайлы сәтті күтуден басқа лаж қалған жоқ-тын. Шын мәнінде дағдарысқа ұшыраған әлгінде ғана идеологиялық қапастан шыққан тарихнама емес, оны жетегінде ұстап келген мемлекеттік идеология болатын. Адамзат қоғамының өсіп-өзгеру негізінде бізге мәлім немесе мәлім емес сансыз көп идеялар қызметі жатыр. Адамзат қауымдастығының басқа құбылыстардан ерекшелігі де осында.

Бұл аталған бағыттар, әрине, бүгінгі тарихнамада болып жатқан өзгерістер мен енді күш алып келе жатқан ағымдарды

толық қамти алмайды. Ғылымдағы өзгерістер анағұрлым терең де көп қырлы. Адамзаттың пайда болғанына, 40 000 жыл болғанын халықаралық ғылыми форумда ғалымдар дәлелдеуде, қазба жұмыстарынның нәтижесінде, табылған ежелгі адамдардың сүйектерін зерттеу қорытындысына арқа сүйеп отыр.

Бізге дейін, 4рет-адам тектес өкілдер өмір сүргенін және өркениеттің шегіне жетіп өздерін жоқ еткен, бізден кейін брет-болатынын ғалымдар анықтауда. Бір көршім Жапонияның Хоккайдо аралында болғанын айтып берді. Сонда осы бір тұтам жердегі адамның ең алғашқы саналы әрекетін куәландыратын тастағы белгілерді петроглиф көрсетіпті.

Орта көлемдегі қойтас жапон халқына тән аса ұқыптылықпен қоршауға алынып, экспозиция ретінде арнайы көрсетуге даярланған. Риза боласың, – дейді көршім. Біздің апайтөс даламыз бен тауларымыздағы әлгі жапондық ескерткіштен анағұрлым бай, қисапсыз көп қаншама ескеркіштер болса, ашық аспан астында күтімсіз, мүжіліп, жоқ болуда. Жапон халқының ата кәсібі балықшылыққа арналған аспан астындағы ашық мұражай бар екен.

Оның біраз экспонаттары үйлесімді жабық ғимараттарда сақтаулы. Осы мұражайды аралап жүріп балықшылық кәсібінің атам заманнан бергі уақытта жүріп өткен жолынан, өзгеру эволюциясынан толық мәлімет алуға болады екен. Мұражай экспонаттарынан балықшылық кәсібіне кезінде тиесілі болған ең қарапайым еңбек құралдарына деген кісілік, адами құрмет байқалады.

Ең көне кезеңдерге тән балықшының қарабайыр қармағы, қарапайым қайық, балықшының шекпені, бәрі-бәрі бағалы жәдігер ретінде сақтаулы тұр. Осы экспонаттарды аралап жүріп, шіркін-ай біздің де ата-бабаларымыз

әлемдік өркениетке малшылықтың қыры мен сырын үйретіп, ортаазиялық шексіз кеңістікті игеріп, өнер мен ақыл-ойдың ғажап маржандарын жаратып, артына қазақ сияқты елді қалдырып еді, сол ата кәсіп – малшылыққа арналған осындай бай мұражайды жасау біздің бүгінгі ұрпақтың қолынан келер ме екен деген ой келді.

Дамыған елдерде мұрағат қорларында арнайы ауызша тарих материалдары жинақталған бөлімдер ұйымдастырылған, бізде ол жоқ. Міне, осы сияқты өз шешімін таппаған мәселелер, әрине, тарих ғылымы мен оның мамандарының белсенді әрекетіне мұқтаж, солардың қажырлы да мақсатты іс-әрекетін күтуде, қауымдастық осы сияқты бағыттарға жұмыс істеуге тиіс.

Қазақ хандығын жасақтаған кемеңгерлер ө дегеннен мықтап ескерген, сахара төсінде судай сапырылысып, мидай араласқан ру-тайпалардың хандық аясындағы ішкі құрылымын жаңаша түзген. Көшпелі ру-тайпалардың таным-түсінігіндегі ең киелі жаралым болып табылатын этнотекті негіз етпей тұрып жұртшылықты бір мүддеге жұмылдыру мүмкін емес еді.

Исі қазақтың **Алаш** немесе **Қазақ** деп аталатын бір кісіден таралуы да этнотұтастықты көксеуден туған ұлы шарттылық, **ұлы бірлік идеясы** деуге толық негіз мол. Рас, кейбір тарихи тұлға есімінің тұтас ел-жұрт атауына ұласып, этнонимдік сипат алатын кездері де тарихтан аз емес. Алайда, бұл жерде де бүкіл ноғай этнонимінің Ноғай ханнан, өзбек этнонимінің Өзбек ханнан өрбіген ұрпақ екен дегендей ұғым тумаса керек. Мәселе, Ноғай хан да, Өзбек хан да этнонимге себепші болған тарихи тұлға екендігінде ғана. Қазақ шежірелерінің ішінде діни ықпал барысында түзілген шежірелердің 50 – 60 немесе 100 – 150 атаны қамтуында да, сондай-ақ олардың басым көпшілігі таза яхудилік-христиандық, арабтық-парсылық және түркілік-

моңғолдық генеалогия болып келіп, кейінгі 19-22 атаның ғана алаштық-қазақтық сипат алуында да уақыттың табы бар.

Орта Азияда VIII-IX ғасырлардың өзінде-ақ араб-парсылық ықпалдың бел алғаны және бұл аймақтағы ру-тайпалар арасында ислам дінінің біржола орныға бастағаны белгілі. Әсіресе, Алтын Орда ұлысынан бергі тарихи кезеңдерде Шыңғыс хан әулетінен өрбіген хан-сұлтан-төрелердің көңілінен шығу үшін түзілген шежірелердің яхудилік, христиандық, исламдық қабаттарына енді буддалық қыртыстар қосыла бастады. Сол секілді, арабтармен қыз алысып, қыз берісуді өздеріне мәртебе санайтын мәмлүк қыпшақтары түзген шежірелер діни қабат-қыртыстары одан әрі қалыңдата түсті. Кейін ислам діні бел алған өңірлердің ақсүйектері өздерінің тек-тамырын тарихи тұлғалармен ұштастыра таратуға ерекше бейім болғаны байқалады. Дегенмен, көшпелі өмір салтындағы қазақ ру-тайпаларының арасында исламдық ықпалдың мейлінше баяу тарағанын атап өткен жөн.

Ұлы дала көшпелілері адамзат тарихындағы монотеистік бір тәңірге табынушылық, діни таным қалыптастырушылардың алғашқы легінде болды. Күні бүгінге дейін қазақ халқының жеті атаға дейін қыз алыспауы, қан тазалығына мән беруі, дүниежүзі халықтардың бірде-бірінде жоқ үрдіс, аруаққа тағзым етіп, өлікке жоқтау айтуы, өлікке топырақ салуы, бейіт тұрғызуы, оның есігін күннің шығысына қаратуы, өлік үшін жетісін, қырқын, жылын атап өтіп ас беруі, әйелдердің бетін ашып жүруі, әмеңгерліктің сақталуы, мойынға туған жердің топырағы түйілген тұмар салуы, жаңа туған айға тілек айтуы, қымыз ішіп жылқы етін жеуі, молдадан бұрын жасы үлкен адамға құрмет көрсетуі. Домбыра мен қобызда күй тартуы, қара шаңырақты кие-құрмет тұтуы сияқты салт-дәстүрлері

ұлттық төлтумалықты айғақтап келе жатуы, жаңағы исламдық жерсінудің жарқын айғақтары.

Ғұндар дәуірі, көк түрік қағанаты мен шығыс түрік қағанаты тұсындағы ойшылдарымыз бен ірі билеушілерімізден **Түмен қаған, Боғда хан ие, Елтеріс қаған және Тұнықұқ би мен Білге қаған, Күлтегін батыр** қатарлылар сол Чаңан қаласын талай таптаған болатын. Сол қаланы өздеріне бағынышты ел ретінде қараған. Ол кез түркі тектестердің аталмыш аумаққа үкімі жүріп, үстемдігі асқан бір дәуір болатын. Қытай жазба деректері де мұны растап отыр. Алма-кезек өмірмен бірде толып, бірде солып жататын кезеңдер көлі біздің ұлтымызды тарихта талай рет шомылдырған болатын.

Қазақ даласын бір замандарда билеген Батыс Түрік қағанатының Түркеш хандығы, VII ғасырдың соңынан бастап, тұс-тұстан жасалып жатқан әртүрлі шабуылдар салдарынан, әсіресе, оңтүстіктегі араб пен парсылардың басқыншылығынан, ел ішіндегі саяси, экономикалық күрделі қиындықтарға белшесінен батқан, шешімі шиеленіскен сан алуан сұрақтарға дөп келеді. Батыстағы және оңтүстіктегі өңірлерде сасанидтер құрған мемлекет күшейіп, Самарканд, Бұхара, Үргеніш, Отырар, Сауран және басқа да Әмудария бойындағы көп қалалар солардың қолына өтіп жатады. Ел іші екіұдай күй кешіп, ауыр сарсаңға түседі. Сонымен бірге іргелі жұрттың ішкі жағдайы да қожырап, ауыз бірлік кетіп, алтыбақан алауыз өмір басталады.

Осындай ауыр қоғамдық халге төзбеген, тарихи ұлы мәдениеттің шайқалуын көзімен көрген, сөйтіп аласапыранды өзгерісті жаны төзіп қабылдай алмаған **Алқа би 712 жылы** туыстарын бастап, шығыстағы түркілер басқарып отырған Қытаймен шектесетін **Дөң-ғана (қытайша Дунхуаң)** жеріне көшеді. Ондағы ертедегі рулас, аталас қандастарын паналай-

ды. Ол өмір кешкен дәуір құбыжығы көп, сұмдығы сұрапыл, құрдымы мен иірімдері мол, оппа көмей, жұт пиғылдың ерекше дәурен сүріп, жолсыздық атаулы үкі тағып сырнайлатқан кез еді.

Қазақ шежірелеріндегі яхудилік-христиандық, арабтық-парсылық және түркілік-моңғолдық қыртыстар әдетте осы **Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс** автоэтнонимдерімен тұйықталады. Мұнан әрі алаштық-қазақтық генеалогия басталады. Яғни, Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі тыңнан жасақталған ру-тайпалық құрылымдар жүйесі нақтылы дерек тұрғысында шежіре мазмұнынан көрініс таба бастайды. Мың сан айғақ-деректер осындай ой-тұжырымға мойын ұсындырады.

Татарлар, Жалайырлармен жапсарлас Омон, Керөлең өзендерінің жағасында Тайшуыт – Қияттан, Қият арғы ғұндардан тарайды. Шыңғысхан Тайшуыттың бір бұтағы Бөріжеген руынан екені белгілі. Моңғол деген тайпаға ешқандай қатысы жоқ. Моңғолдардан өзге тайпалар түгелімен осы өлкеде қалыптасқан Сақ, Ғұн империялары мен Ұлы Түрік қағанатының қалдықтары екендігін талай зерттеулерді оқығанда көз жеткіздім.

1206 жылдың көктемінде өзіне жақын нояндары мен нөкерлері уәдеге тұрып, Онон өзенінің бастауында **Теміршіні Шыңғыс** деп ат беріп, хан сайлайды. (Шыңғыс деген сөздің мәнін әлі ешкім ашқан жоқ – әртүрлі жорамал айтушылар бар. Ол шың, құз дегеннің баламасы емес пе екен? Шың – биіктікті, Құз – тереңдікті көрсетпей ме? Адам түгіл ел, тайпа аттарын көршілері өзгертіп алуы да мүмкін.) Қазіргі Моңғолия жерін мекендеген түркі, моңғол тайпаларына олардың басы бірікпей шашырап жүргенін пайдаланып, жылма-жыл шапқыншылық жасап, мал-мүлкін тартып әкетіп отырған

қазіргі Қытай жеріндегі Си Ся Цзинь, Оңтүстік Сун деп аталатын мемлекеттерге шабуылды Шыңғысхан әскері 1211 жылы бастаған.

Бұл жорықтарды 12 жыл бойы Мұқали, ол өлген соң баласы Болу жалғастырған. Шыңғысханның өзі Мұқалиге Солтүстік Қытайды жеке-дара билеу құқы жазылған грамота берген, алтын мөр тапсырған. Ұлы Сун империясы Қытайды, Вьетнамды, Кореяны, Қытай астанасы Бейжіңді қоса жаулап алуда айрықша көзге түскен нояндардың бірі Жалайыр тайпасынан шыққан Мұқали еді. 1223 жылы **Шыңғысхан Қытайдың** солтүстігіне жорықты өзі бастаған да, ұлы қолбасшылар Сүбітай баһадүрды, Жебе ноянды, үлкен ұлы Жошыны ертіп, негізгі 150 мың әскерлерімен Батысқа аттанған. Шығысты, күллі Оңтүстіктегі елдерді жаулауды Мұқалиге тапсырып, оған 25 мың ғана әскер қалдырған.

**Лев Гумилев пен В. Ермолаев Эренжен Хара-Даванның** кітабында жазған алғы сөздерінде мынадай пікір айтады. Шыңғыс хан бар дүниені билеймін деп ойламаған. Бейбітшілік, тәртіп, ертеңгі күнге сенім орнату үшін Ұлы Дала ұлыстарының басын біріктірген. Оның ел-жерлерді жаулауы Наполеон мен Гитлердің басқыншылығынан бөлек, – дейді де, XIII ғасырдағы Италия саяхатшысы **Марко Полоның** жолжазбаларындағы мынадай сөздерді келтіреді. Ол жаулап алған халықтарды жәбірлеген жоқ, дүние-мүлік құқығынан айырған жоқ, тек бірнеше өз адамын әкеліп таққа отырғызып, ары қарай жорыққа аттана берді.

Ол жаулаған елдер басқалардың шапқыншылығынан сенімді қорғаушы тапқан соң, оны қасиетті патша санады, оған жан-тәнімен берілді. Бұған Гумелев пен Ермолаев мынадай ой қосады. Свобода от национальных и религиозных предрассудков была фактом монгольской истории вплоть до хана

Узбек...Военный и политический опыт Чингисхана, слившись с русским православием, в 14 веке дала жизнь Московской Руси. Орыс халқын бір орталыққа бағындырған күшті мемлекет жасауда айрықша еңбек сіңірген **Иван Грозныйдың** арғы тегі Алтын ордалық, Жалайыр екенін академик Баскаков дәлелдеген.

Борис Годунов пен Богдан Белский екеуі 1584 жылы 14Маусымда психопат ауруына ем ретінде ртуты бар дәріге у қосып Иванға беріп өлтіргені тарихтан белгілі. Бір жылдан соң, Иванның орнына Борис Годунов таққа отырғаны шындық. Грозный болса, Ресей территориясын кеңейтуге үлкен үлес қосқан, бытырап жүрген орыстарды бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға ат салысып ұлы империя құрамыз деп ұран тастаған, Қазанды, Астраханды және Сібірді Күнашырға дейін жаулап алып берген еңбегі үшін, қазіргі Ресей әрдайым қарыздар.

Кезінде дүниенің бестен төрт бөлігін алып жатқан ұлы империяның негізін салған **Шыңғысхан** десек те, ол Мұқали, Сүбітай баһадүр, Жебе ноян сияқты ұлы қолбасшылар болмаса, жалғыз өзі дәл сондай жағдайға жетпес еді. Жер-дүниені жаулап алудың әскери тактикасы мен философиясын да қолдаған солар. Сондай-ақ, 10 000 шақырым жерге жедел хабар беру тәсілінде Шыңғысханмен ақылдасып, әрбір 40-50 шақырым жерге, 4-5 атты әскерден қойып, күндіз-түні жылқыны тоқтатпай шаптырып нәтижесін көрген.

Олар бір-бірін тану үшін, Шыңғысханның өзі берген **Тайцзу** (Теміршінің қытайша аты) мөрін кеудесіне тағатын болған, оны коммунистер көсемі **В. И. Ленин** идеясын ұрлап **Мандат** деп бұрмалаған. Құран Кәрімдегі «туғаннан қабырға дейін білім үйрен, ізден» дегенді, ұлы көсем «**учиться, учиться и учиться**» деп бұрмалағанға ұқсайды.

Жер-дүниені жеке билеуге тырысушылық, бірыңғай тәртіп, тыныштық орнатуға талпыну сонау Фараондардан бастап, Цин династиясы, Александр Македонскийдің, Араб халифатының, Рим империясы Юлий Цезарьдің, Түрік қағанатының, Осман империясының, Алтын орданың, Бонапарт Наполеонның, Үшінші Рейх Гитлердің, КСРО-нің, АҚШ-тың әрекеттерінен де байқалады.

Кешегі большевиктер де дүниежүзілік революцияны аңсады емес пе? Ресейде, Шығыс Еуропа елдерінде, Орта Азияда, Қытайда, Кореяда, Вьетнамда, Моңғолияда күшпен орнатылған коммунистік тәртіп сондай ой-мақсаттың көрінісі емей мемене? Кеңес Одағының Ауған еліне бастырып кіруі барып тұрған сорақылық. Шыңғысхан және оның жолын қуушылар үстемдік етіп тұрғанда үлкен соғыстар, елдердің бірін-бірі басып алуы, тонауы, құлдыққа ұшыратуы уақытынша болса да тоқтаған. Олар өздеріне қарсы күрескендерді болмаса, салығын төлесе басып алған елдерді жазықсыз жазаламаған, оқу-өнерге, экономиканың, мәдинеттің өркендеуіне тыйым салмаған, ешбір халықтың ар-ожданын, салт-санасын, діни ұғымдарын, шіркеу, мешіттерін қорламаған.

Тарихи құбылыстарға белгілі бір идеологиялық көзқараспен емес, әр заманның, әр елдің, ұлы тұлғалардың философиясын біліп, түсіну арқылы ғана баға берген жөн. **Жалғыз моңғол Мәскеудің төрінде Великий Русьтің князы аяғына бас ұра еңкейгенде, басына аяғын қойып салық жинағанын, қазіргі орыс билігі мойындағысы келмейді. Бұл дәстүр 1220 – 1522 жылға дейін 302 жыл бойы жалғасып отырды.**

1242 жылы 5сәуірде болған Мұз қырғыны неміс рыцарлары ауыр темір сауытпен қыпшақ бабаларымызға қарсы шапқан, сонда олар партизандық әдіспен қашып жүріп

садақпен оқ жаудырып рыцарларды тас-талқанын шығарғанын тарихта алтын әріптермен жазылды.

Б.ж.с.д. VII-ғасырда эламдықтар Меопатамиядағы ежелгі білім көзі болып табылатын Ур-Намму Зикаратин зиратханасын жойып жіберді. Осыдан XXIII-ғасыр бұрын Қытай императоры Цин Ши-Хуанди мәжусилермен алысқан болып, өзінен бұрынғы кітаптардың бәрін өртетті. Біздің VII-ғасырда арабтар атақты Александрия кітапханасын талқандады. XVI-ғасырда католик иереархтары майя мұрағатарын тас-талқанын шығарды. Ежелгі иезуиттер кітаппен алысса, кейінгі иезуиттер жазуды өзгерту арқылы қоғамды тарихи жадынан айырып отыруды әдетке айналдырды. Тарихта болған төрт жүзден астам жазу түрі көбіне-көп бейбіт түрде емес, сондай күштеп өзгертуден азайды.

Жазу мен жазба мұраларды сақтап қалу өркениеттер өзектестігі мен ұрпақтар сабақтастығының басты кепіліне айнала бастады. VIII-ғасырда Қытайда кітап басуға керек қағаз ойлап табылды. 751 жылы қазіргі Тараз қаласы маңындағы Атлах түбінде қызыл қырғын шайқас өтті. Араб қолбасшысы **Зияд ибн Салых пен Қытай әскербасы Гео Сян-Чжи соғысты**. Айқас бес күнге созылып, қытайлар жеңіліс тапты. Сөйтіп, арабтар қағаз шығару құпиясын ие болды. XI-XII-ғасырларда Испанияны жаулаған арабтар арқылы қағаз Еуропаға да жетті.

Киелі мәтіннің бәрі көктен түскеніне ешкім күманданбайтын. Құдай адамдарға **Тауратты Мұса, Інжілді Ғайса, Құранды Мұхаммед** пайғамбарлар арқылы беріп жіберген деп білетін. Тарихта жазудың төрт жүз түрі болғанымен, бұл заманда ең көп қолданылатын бес жазудың қатарына --әлем тұрғындарының 30пайызы пайдаланатын латын, 10пайызы пайдаланатын кириллица, 10пайызы пайдаланатын араб,

20пайызы пайдаланатын буындық-үнді, 25пайызы пайдаланатын түбірлік-қытай жазулары жатады. Ал қалған еврей, эллион, грек, түржі, әрмен және басқа тілдерде жер шарының бар болғаны 5пайызы ғана жазып-оқиды.

IV-Vғғ.Еуразия, Еуропадағы халықтардың Ұлы қоныс аударуына серпін берген түркі тайпа ұйымдары ғұндар, Қазақстан тарихында, әлем тарихында өте маңызды орын алады. Ғұндар Еуропаға Орталық Азиядан келді. Б.з.д. IV.ғ.қытайлықтар оларды өздерінің қауіпті қарсыластары ретінде көрсетеді. Ғұндардың әскери көсемдері Хань империясымен соғыста бірталай жетістіктерге жетті.

Б.з.II-ғ.бірінші жартысында ғұн тайпаларының Шығыс Қазақстанға және Жетісуға, кейін Батыс Сібір, Орал, Каспий жағаларына және Волганың арғы жағындағы далаларға көшіп-қонуы басталды. Бұл аймақтарда ғұндардың жергілікті тайпа ұйымдарымен ассимиляция процесі жүрді. IV.ғ.ортасында олар Волга мен Дон аймағына енді. Азов аймағы Солтүстік Қапқаздағы алаңдарды, Боспор патшалығын жаулап алып, Доннан өтіп, Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы остгот патшасы Эрманарихтың көп тайпалы державасын 375 жылы жеңіліске ұшыратты.

V.ғ.ғұндар Паннонияға орналасты да,бұл аймақ ғұн державасының орталығына айналды. Отыз жыл Еуропада сіңірген қолбасшылық өнеріне байланысты әскердің жоғарғы қолбасшысы құрметті атағын алған ғұн билеушісі **Аттила (Еділ, шамамен 395ж.туған,453ж.қайтыс болған)** Батыс Рим империясына байланысты тәуелсіз саясат жүргізе бастады.

Ол билеген 434-453ж.ж. аралығында Ғұн мемлекеті барынша үлкен аймақтық кеңеюді басынан өткізіп, қуаттылыққа ие болды. Грек және Рим деректері Аттиланың бірнеше ұрпақ бойы ғұндарды билеген патша руынан шыққанын

көрсетеді. Сонау 435-436ж. Аттила басқарған ғұндар Римге бағынышты болған Майн мен Рейн аралығындағы бургундтар патшалығын қосып алады. 451 жылдың басында Аттила жорығын басқарған, Каталаун даласындағы ұрыс, Ганнибалдың карпагендерді бастап Рим империясына қарсы шыққан тұсындағы(б.з.д.216ж) Канн, Наполеонның тұсындағы Ватерлоомен (1815ж) қатар тұра алатын Еуропа және әлемдік тарихтағы атақты шайқастардың қатарына жатады.

Азияның тамырында өмір сүрген ғұндар мыңдаған шақырымға созылған қашықтықты игеріп, сол кезеңдегі жағдайларда Еуразия мен Еуропаның біршама территорияларын қалай жаулап ала алды. Бағындырылған аймақтардағы халықтар мен елдердің мандшафттық, климаттық, тілдік, тұрмыстық, салт-дәстүрлік ерекшелігіне қарамастан тастай сіңіп кетуі таңдандырады.

Осының барлығын ең алдымен мықты салт атты әскермен түсіндіруге болады. Ғұндар іс жүзінде туылысымен аттың үстіне отыруға үйретілетін, кейінгі антикалық авторлар Аммиан Марцеллин, Апполинарий Сидоний және т.б. көрсетуі бойынша олар ер-тоқымға қағылып қойғандай отыратын. Ер-тоқым мен аттың ер тұрманын, аттың бауырында ойнауын, шауып бара жатып садақпен құралайдың көзіне дәл атуын, өзгеше жауынгерлік сипаты алыстан найза лақтырып соғысса, жекпе-жекте өздерін қанжардың жүзінен қорғай отырып, жауларын арқаннан жасалған тұзаққа түсіретінін, Батыс әлемі ғұндармен кездескенге дейін білген жоқ.

Ерекше ассиметриялық түрдегі садақ, майысқақ ағаштан жасалып, мүйіз пластикалары, сіңір, сүйек жапсырылып қуатына жететін де, алыстан жауын жайрататын. Ғұн кезеңінің ағаштан жасап, алтын мен күміс металдармен сәнделген ер-тоқымдарының көріністерін археологтар Алтай аймағы мен

Минусинск алаңында, Кенкөл мүрдесінен (Тянь-Шань), Бурабай өзенінен т.б.жерлерден табылған.

Ғұн империясы шығыстан батысқа қарай Алтайдан, Орталық Азиядан және Кавказдан Дунай мен Рейнге дейін созылды. Аттиланың жағдайын 447 жылы Константинополь қабырғасында тұрған кезеңімен салыстыруға болады. Сол кезде де эпидемия болған, бірақ оның әскерінің негізгі бөлігіне әсер еткен жоқ. Византиямен соғыста ғұндар жеңістен-жеңіске жеткен болатын. Император II Феодосий ғұндарға бір рет 6000пұт алтын, жыл сайын 2100пұт алтын мөлшерінде салық төлеу міндетін мойнына ала отырып бейбітшілік сұрады. Енді жеңімпаз әскердің басындағы Аттила Италияда еді. Империя үшін осындай қиын жағдайда III Валентиниан Равеннада әрекетсіз отырса, Аэций де бейтараптылықта болды.

Рим әскері ғұн тегеурініне бұдан былай қарсы тұра алмады. Ақыр аяғында шығыс ромейліктер сыннан өткізген Аттилаға елшілер тобын жіберу тәсілі қолданылды. Оны кейіннен Ұлы атанған папа I Лев өзі бастап барды. Проспер Тиро бойынша барлық елшілер сыймен қабылданып, патша шіркеудің жоғарғы басшысының қатысуына ерекше ризашылығын білдіріп, соғысты одан әрі жүргізуден бас тартып, бейбітшілікті сақтап, Дунайдың арғы жағына қайтуға уәде берді.

Егер Аттила Рим қабырғасының түбінде тұрып, папаның сөзіне тоқтап, мағынасыз қиратулар мен қырып-жоюдан бас тартса, сол кезеңнің тағы бір билеушісі германдықтардың вандал патшасы Гейзерих туралы бұны айта алмаймын. Үш жылдан кейін 455 жылы I Лев оны тоқтата алған жоқ. Вандалдар Римді тас-талқан қиратып, халқын ақырғы жібіне дейін тонап алды, вандализм түсінігі мәдени, материалдық байлықтарды

жаппай құрту және хайуандық пен мағынасыз қатыгездіктің баламасы ретінде қолданылды.

Аттила өлімінен кейін, Батыстағы ғұн державасы оның мұрагерлері тұсында ыдырап кетті. Ғұндардың бір бөлігі төменгі Дунайдың солтүстігінде қалды. Үлкен бөлігі Қара теңізге кетіп, ары қарай шығысқа Орал және Арал теңізі бағытына, яғни кең байтақ ғұн империясының ежелгі шығыс шекараларына келді. Еуразия тарихының жаңа дәуірге өту кезеңі мен ортағасырлық өркениет барысына Еуропадағы халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінде ғасырға жуық өмір сүрген ғұн державасы үлкен ықпал етті. Рим империясы құлағаннан кейін өркениеттің шекарасы кеңейіп, енді Альпінің солтүстігінде, Батыс, Орталық, Шығыс Еуропа аймағында өз дамуын жалғастырды.

Ескі Рим империясын ауыстырған Еуропаның маңызы өсті. Ғұн шапқыншылығынан кейін пайда болған вакуумді герман, кельт және тағы да басқа тайпа халықтар толтырды. **Аттила (Этцель)** есімі уақыт өте келе пайда болған лингвистикалық өзгерістеріне қарамастан орта ғасырлардан бері Германия топонимикасында сақталған. **Бельгияда, Оффенбург** жерінде Аттила есімі қазір түркі тектес халықтарда (қазақша Еділ) кең тараған. **Ғұн, Сақ, Түрік қағанаты** кейінірек өз алдына отау тігіп, қазақ ұлтын қалыптастырған ру-тайпалардың басып өткен жолы, әлі бізге сырын тұңғыыққа сақтап, айта қоймаған тәрізді. Бір кезде Бұқар, Базар Сыпыра жыраулар мен Асанқайғы, Жаяу Муса өткен абыз дала, бәрін көріп, бәріне куә болған, бәрін біліп, түсінетін, ештеңені есінен шығармаған сұғыла өлке арғы-бергінің талай құпиясын бізге айтпай, ішінде бүгіп келетін сияқты.

**1290 жылы таққа отырғанда Халил шамамен 23 жаста еді. Халил сұлтанның қолшоқпарлары Тұрынтай әмірдің**

бір көзін сол жерде ойып алады. Сұлтан Халил 1291 жылдың қаңтар айында, Акка жорығы алдында әкесі Қалауынның батасын алған ауыр қолмен Шам елін бетке алып, Каирден шығады. Дамаск қаласына жеткен соң үй-ішін сол жерде қалдырып, Сириядағы мәмлүк әскерін қосып алады да кресшілердің мызғымас қамалдарының бірі саналатын Аккаға ат басын бұрады. Қорғаушылар саны 800 рыцарь, 14 мың жаяу әскер, қалғаны көмекке келген қара халықтан тұратын христиан пилигримдер еді. Қамал қабырғаларына өрмелеген мәмлүктер мен қыпшақтар 300түйенің үстіне орнатылған дабылдардың құлақ жарар дауысы кресшілердің зәресін ұшырады. Үрей билеген Генри әскерлері қамал портында тұрған кемелерге жетуге тырысады. Алайда, мәмлүк пен қыпшақ қылышынан құтылуға тырысқан соншама халықты алып кететін кемелер жоқ еді.

Өліспей беріспеуге бел буған рыцарлар ғана қасық қаны қалғанша шайқасады. Ал бейбіт тұрғындар түгел құл базарына айдалады. Құлдыққа сатылғандардың көптігі соншалық, Дамаск құл базарында бір қыз 1дирһемге бағаланады. Акка шайқасы мәмлүк қыпшақ әскері мен кресшілер арасындағы соңғы шешуші шайқас. **Салахуддин Аюби** кезінен бастау алған мұсылмандар мен кресшілер арасындағы екі ғасырға созылған қанды шайқастарда түркілер қыпшақтар Ислам дініне баға жетпес қызмет көрсетті.

Үш жыл екі ай сұлтандық құрған Халил батыл, ержүрек, айбатты патша саналды. Ол осы қысқа мерзім аралығында кресшілердің **Акка, Сур, Атлит, Сайда, Бейрут, Хайфа, Ан-тортис** секілді ірі қамалдарын күшпен алып, оларға Жерорта теңізі жағалауында тұяқ тірейтін жер қалдырмады. Сонымен қатар армяндардың **Рүм, Баһанса, Марғаш, Тел Хамдун** және т.б. қамалдары да оның алдында тізе бүкті. Халил